

**«Сарыжар жалпы білім беретін орта мектебінің» КММ
1 «А»- сыныбының 2022-2023 оқу жылындағы жүргізілген
тәрбие жұмысының сараптамасы.**

Сарыжар орта мектебінің 1 «А» сыныбында 2022– 2023 оқу жылының басында 20 оқушы қабылданды. Оның ішінде 9 –ы ұл, 9-ы қыз балалар. Кеткен оқушылар саны-2. Келген оқушылар саны-2, 1-тоқсанды 22/10 оқушы аяқтады. Ұлты бойынша қазақ балалар саны- 18. Оқушылардың сабаққа қатысымы өте жақсы. Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы жақсы. Сынып оқушылары ұжым ішінде ұйымшыл, тәртіптері жақсы, әрбір оқушының ұйымдастыру қабілеті бар. Мектепшілік, сыныпаралық іс – шаралар мен ертеңгіліктерде ұжым толық белсене араласып, әр оқушы өз қабілетіне қарай берілген жұмыстарды орындайды.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайларына тоқталатын болсақ, жағдайы төмен отбасынан шыққан оқушылар жоқ. Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар саны-5. Қалған оқушылар толық отбасынан шыққан балалар.

Мектептің тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес сыныптың тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жұмыс жоспары бекітіліп, оқыту үрдісіндегі тәрбие жұмыстары жүргізіліп отырды.

Рухани-танымдық бағыты бойынша 2-қыркүйек білім күні «Саналы ұрпақ-жарқын болашақ» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Отбасылық тәрбие бағыты бойынша «Бала бақыты отбасында» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Зияткерлік тәрбие ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша «Қарты бардың қазынасы бар» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға қарияларға құрмет көрсетуге, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.

Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие бағыты бойынша «Ұстаз - мектептің жүрегі» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Отбасылық тәрбие бағыты бойынша «Отбасы-тәрбие басы, мектеп тәрбие жаршысы» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша: «Ертегілер әлемінде» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға ертегіні суреттеп, сахналап қою. Мән-мағынасын ашу. Халық ауыз әдебиеті шығарма кейіпкерлерінің істеріне баға беріп, өз көз қарастарын білдіруге үйрету.

Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты тәрбие бағыты бойынша: «салауатты өмір салтын сақтау, өз қолымызда» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға денсаулық адам баласының азбас қазынасы, асқан байлығы, өмірінің тірегі екендігін түсіндіру.

«Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие бағыты бойынша: «Телефонның пайдасы мен зияны» тақырыбында тәрбие сағаты өтілді.

Қазақстан патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты бойынша: «Менің тұңғыш президентім» Мақсаты: Оқушыларға президентіміз Қасым Жомарт Тоқаев туралы мәлімет беру, сан қырлы талант иесі, құдіретті тұлға екенін таныту.

Қазақстан патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты бойынша: «Тәуелсіздік теңдесі жоқ байлығым» Мақсаты:

Отбасылық тәрбие бағыты бойынша «Бала бақыты отбасында» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Ата –аналар жиналысы I-тоқсан бойынша 2 рет өткізілді. Ата-аналар комитеттері сайланып, мектеппен тығыз байланыста болатындығы ескертілді. Жиналыста ата-аналардан балаларын күнделікті сабаққа алып келіп, алып кетуін және күзгі демалысындағы қауіпсіздік ережелерімен таныстырылды. Сонымен қатар оқушылардың білім деңгейлері туралы мәлімет берілді.

Класс жетекшісі:



Естекбаева Ж. Т.